

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 20 наурыздағы № 23-VII ҚРЗ.

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы 2019 жылғы 9 тамызда Чолпон-Атада жасалған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы ХАТТАМА

(2021 жылғы 5 сәуірде күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2021 ж., N 2, 14-құжат)

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үкіметтері

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты негізге ала отырып,

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарттың ережелерін назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасы туралы шартқа мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-баптағы "Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің (бұдан әрі - Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының (бұдан әрі тиісінше - мүше мемлекеттер, Одақ)" деген сөздермен, "Кеден одағының" деген сөздер "Одақтың" деген сөзбен, "Тарап мемлекеттерінің кеден органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеден заңнамасы мен кедендік реттеудің қолданылуын" деген сөздер "кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен Одақтың құқығын құрайтын актілердің (бұдан әрі - кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілер) қолданылуын және мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кедендік реттеуді" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-баптағы "Кеден одағына мүше мемлекеттердің Кеден одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін басқа халықаралық шарттарында, ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық Кеңесінің (Кеден одағының жоғары органы) және Кеден одағы комиссиясының шешімдерінде" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"3-бап

Біріккен алқаны Біріккен алқа мүшелері сайлайтын, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының басшылары арасынан төраға (бұдан әрі - төраға) басқарады. Төраға өкілдік ететін мүше мемлекетті қоспағанда, төрағаның саны мүше мемлекеттердің санына тең болатын, Біріккен алқа мүшелері сайлайтын орынбасарлары болады.

Осы Шарттың мақсаттары үшін мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары мыналар болып табылады: Армения Республикасынан - Армения Республикасының Мемлекеттік кірістер комитеті, Беларусь Республикасынан - Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Қазақстан Республикасынан - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қырғыз Республикасынан - Қырғыз Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі, Ресей Федерациясынан - Федералдық кеден қызметі.

Төраға және оның орынбасарлары 1 жыл мерзімге сайланады. Біріккен алқаның шешімі бойынша бұл мерзім ұзартылуы мүмкін.

Біріккен алқаның отырыстарын төраға, ал ол болмаған жағдайда — төрағаның орынбасары не төрағаның тапсырмасы бойынша Біріккен алқа мүшелерінің бірі жүргізеді.

Біріккен алқаның құрамына төраға, оның орынбасарлары, сондай-ақ мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының басшы қызметкерлері болып табылатын, әдетте, мүше мемлекеттің әрбір орталық кеден органынан тең өкілдік ету ескеріле отырып, мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары алқаларының мүшелері қатарынан Біріккен алқа мүшелері кіреді.

Біріккен алқаның жұмыс тәртібі Біріккен алқаның қарау қорытындылары бойынша төраға бекітетін рәсім қағидаларында айқындалады.

Кедендік реттеуді жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерді басқа органға берген немесе мүше мемлекеттің орталық кеден органының атауы өзгерген жағдайда, мүше мемлекеттің тиісті орталық кеден органы мүше мемлекеттердің басқа орталық кеден органдарына дипломатиялық арналар арқылы бұл туралы дереу хабар береді";

4) 4-бапта:

бірінші сөйлем "отырыстары" деген сөзден кейін ", әдетте," деген сөзбен толықтырылсын;

екінші сөйлемдегі "Тараптар мемлекеттерінің" деген сөздер "Мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 5-бапта:

екінші және үшінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"мүше мемлекеттердің кеден органдарының қызметін үйлестіру;

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді әзірлеуге қатысу;"

;

төртінші абзацтағы "Кеден одағының кеден заңнамасын" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "Одақтың кедендік аумағында" деген сөздермен, "тауарлар мен көлік құралдарын кедендік рәсімдеу мен кедендік бақылауды ұйымдастырудың" деген сөздер "кедендік операцияларды жасаудың және тауарлар мен көлік құралдарын кедендік бақылауды жүргізудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 6-бапта:

екінші абзац алып тасталсын;

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;"

төртінші абзац алып тасталсын;

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Одақтың құқығына кіретін актілерді іске асыруға жәрдемдесу;"

алтыншы абзацтағы "сақталуын бақылау Тараптар мемлекеттерінің кеден органдарына жүктелген Кеден одағында кедендік реттеу нормаларының" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің, мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасының және сақталуын бақылау мүше мемлекеттердің кеден органдарына жүктелген мүше мемлекеттердің заңнамасының" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарының" деген сөздермен, "Кеден одағындағы" деген сөздер "Одақта" деген сөздермен ауыстырылсын;

сегізінші абзацтағы "Кеден одағының кеден заңнамасын" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы "Кеден одағындағы кедендік қатынастарды реттейтін актілердің іске асырылуы" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің іске асырылуы" деген сөздермен ауыстырылсын;

оныншы және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"кедендік реттеу саласында Одақты дамыту бағдарламаларын әзірлеуге бастамашылық ету және оларды әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

Одақтағы кедендік реттеуді жетілдіру, кедендік операцияларды жасау тәртібін және кедендік құжаттардың нысандарын біріздендіру жөнінде ұсыныстар дайындау;"

он үшінші абзацта:

"Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтеріне" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарына" деген сөздермен ауыстырылсын;

"елін" деген сөз "жерін" деген сөзбен ауыстырылсын;

он төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"тауарларды кедендік декларациялау және олардың кедендік құнын кедендік бақылау және кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу тәртібін әзірлеу және жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау және дайындау;"

он бесінші абзацта:

"Кеден одағына мүше мемлекеттерде" деген сөздер "мүше мемлекеттерде" деген сөздермен ауыстырылсын;

"бақылаудың" деген сөз "бақылау жүргізудің" деген сөздермен ауыстырылсын;

он алтыншы абзацтағы "кедендік бақылаудың нысандары мен әдістерін" деген сөздер "кедендік бақылау нысандарын және кедендік бақылау жүргізуді қамтамасыз ететін шараларды" деген сөздермен ауыстырылсын;

он жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Одақтың кедендік шекарасы арқылы жеке пайдалануға арналған тауарларды өткізудің біріздендірілген тәртібі мен шарттарын сақтау және осындай тауарларға қатысты біріздендірілген кедендік операцияларды жасау мониторингі;"

он сегізінші абзац алып тасталсын;

он тоғызыншы абзацта:

"Кеден одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар," деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар" деген сөздермен ауыстырылсын;

"және ұсынымдар әзірлеу" деген сөздер алып тасталсын;

жиырмамыншы және жиырма бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"мүше мемлекеттердің кеден органдарының Одақтың кедендік шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражаты мен ақша құралдарын өткізу тәртібінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруын, сондай-ақ валюталық реттеу және валюталық бақылау саласында мүше мемлекеттердің кеден органдары жүзеге асыратын өзге де функциялардың орындалуын үйлестіру;

мүше мемлекеттердің кеден органдарының контрабандамен, іс жүргізілуі мүше мемлекеттердің кеден органдарының жүргізуіне жатқызылған өзге де қылмыстармен немесе қылмыстық құқық бұзушылықтармен, сондай-ақ мүше мемлекеттердің кеден органдары әкімшілік процесті жүргізетін (іс жүргізуді жүзеге асыратын) әкімшілік құқық бұзушылықтармен (бұзушылықтармен) күрес бойынша өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;"

жиырма екінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтері" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма үшінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарының" деген сөздермен, "Тараптар мемлекеттері" деген сөздер "мүше мемлекеттер" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма төртінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарының" деген сөздермен, "Кеден одағының" деген сөздер "Одақтың" деген сөзбен, "Тараптар мемлекеттерінің сыртқы экономикалық байланыстарын" деген сөздер "мүше мемлекеттердің сыртқы экономикалық байланыстарын" деген сөздермен, "Тараптар мемлекеттерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма бесінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттері" деген сөздер "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма алтыншы абзацтағы "Тараптардың" деген сөз "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жиырма жетінші абзацтағы "Кеден одағы" деген сөздер "Одақ" деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 7-бапта:

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"өз құзыреті шеңберінде кедендік әкелу баждарының (баламалы қолданылатын өзге де баждардың, салықтар мен алымдардың), арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының сомасын есепке алу тәртібін жетілдіру туралы ұсыныстар әзірлеуге;"

үшінші абзацтағы "Тараптар мемлекеттері кеден қызметтерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағында" деген сөздер "Одақтың кедендік аумағында" деген сөздермен ауыстырылсын;

бесінші абзацтағы "Кеден одағында" деген сөздер "Одақта" деген сөзбен ауыстырылсын;

алтыншы абзацтағы "Тараптар мемлекеттерінің кеден қызметтеріне" деген сөздер "мүше мемлекеттердің кеден органдарына" деген сөздермен, "Кеден одағының кеден заңнамасы нормаларының" деген сөздер "кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілер ережелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жетінші абзац "қатысты" деген сөзден кейін "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац "алымдарды)" деген сөзден кейін ", арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын" деген сөздермен толықтырылсын;

тоғызыншы абзац алып тасталсын;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес өзге де құқықтарды пайдалануға құқығы бар.";

8) 9-бапта:

бірінші абзацта "Кеден одағына мүше әрбір мемлекеттің" деген сөздер "әрбір мүше мемлекеттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Біріккен алқаның шешімдеріне төраға және оның орынбасарлары қол қояды.";

екінші абзацтан кейін мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Біріккен алқаның отырысында төраға (төрағаның орынбасары) болмаған жағдайда, Біріккен алқаның шешімдеріне өкілдік ететін мүше мемлекеттің орталық кеден органының басшысы берген өкілеттіктер шеңберінде тиісті мүше мемлекеттен Біріккен алқа мүшесі қол қояды.";

үшінші абзацта "Тараптар мемлекеттерінің орталық кеден органдарының" деген сөздер "мүше мемлекеттердің орталық кеден органдарының" деген сөздермен, "Тараптар мемлекеттерінің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) 10-бапта:

үшінші абзацтың екінші сөйлеміндегі "Төраға" деген сөз "төраға" деген сөзбен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "жіберетін Тарап" деген сөздер "жіберетін мүше мемлекет" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 14-бап "ресімделетін" деген сөзден кейін "және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 15-баптағы "Тараптар арасындағы консультациялар мен келіссөздер арқылы" деген сөздер "2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартта айқындалған тәртіппен" деген сөздермен ауыстырылсын.

2-бап

Осы Хаттама Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны дипломатиялық арналар арқылы депозитарий алған күннен бастап күшіне енеді.

2019 жылғы "9" тамызда Чолпон-Ата қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды.

Осы Хаттаманың төлнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады, ол осы Хаттаманың депозитарийі бола отырып, Еуразиялық экономикалық одаққа әрбір мүше мемлекетке оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

*Армения Республикасының
Үкіметі үшін*

*Беларусь Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*

*Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін*

Аталған хаттама 2019 жылғы 9 тамыздағы Чолпон-Ата қаласында:

Армения Республикасының Үкіметі үшін Армения Республикасының Премьер-министрі Н. В. Пашинян;

Беларусь Республикасының Үкіметі үшін Беларусь Республикасының Премьер-министрі С. Н. Румасов;

Қазақстан Республикасының Үкіметі үшін Қазақстан Республикасының Премьер-министрі А. Ұ. Мамин;

Қырғыз Республикасының Үкіметі үшін Қырғыз Республикасының Премьер-министрі М. Д. Абылгазиев;

Ресей Федерациясының Үкіметі үшін Ресей Федерациясының Премьер-министрі Д. А. Медведев қол қойылған 2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың толық және тең түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын.

Хаттаманың/ түпнұсқасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссиясының
Құқық департаментінің директорының орынбасары*

В. А. Дорошкевич

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманың қазақ тіліндегі мәтіні орыс тіліндегі тең түпнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі*

Е Жамаубаев